

# **«АЛМА» ЖЕКЕМЕНШІК БӨБЕКЖАЙЫНЫҢ ҰЖЫМДЫҚ КЕЛІСІМШАРТЫ**

Ақтау қаласы  
«02» қыркүйек 2025 жыл

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы Ұжымдық келісімшарт Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, бөбекжайдағы еңбек, әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік қатынастарды реттеу мақсатында жасалды.

1.2. Тараптар:

Жұмыс беруші: «Алма» жекеменшік бөбекжайының иесі, Жеке кәсіпкер  
Орунбасарова

Қызметкерлер: Кәсіподақ ұйымының болмауына байланысты, бөбекжай ұжымының жалпы жиналысында сайланған қызметкерлердің өкілі директор  
Идрисова А.А.

## **2. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС РЕЖИМІ**

2.1. Бөбекжай қызметкерлері үшін 5 күндік жұмыс аптасы (сенбі және жексенбі — демалыс күндері) белгіленеді.

2.2. Жұмыс уақытының күнделікті ұзақтығы және ішкі еңбек тәртібінің ережелері бөбекжайдың қызмет көрсету кестесіне сәйкес бекітіледі.

2.3. Бөбекжайдың педагогикалық қызметкерлеріне (тәрбиешілерге, әдіскерлерге) заңнамаға сәйкес ұзақтығы 56 күнтізбелік күн болатын жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі.

2.4. Педагогикалық құрамға кірмейтін басқа қызметкерлерге (техникалық қызметкерлер, аспаздар т.б.) ұзақтығы 24 күнтізбелік күннен кем емес еңбек демалысы белгіленеді.

## **3. ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

3.1. Қызметкерлердің жалақысы еңбек шарты мен штаттық кестеге сәйкес белгіленеді.

3.2. Жалақы айына бір рет, келесі айдың 10-нан кешіктірілмей, қызметкерлердің банк карталарына аударылады.

3.3. Бөбекжай директоры тек оқу-тәрбие процесіне жауапты болғандықтан, қаржылық төлемдерді есептеу мен бұйрықтарды шығаруды Жұмыс беруші (ЖК иесі) тікелей өзі немесе тағайындалған есепші арқылы жүзеге асырады.

#### 4. ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІ ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

4.1. Бөбекжай директоры оқу-тәрбие процесінің сапалы ұйымдастырылуын, мемлекеттік стандарттардың орындалуын және балалардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз етуге міндетті.

4.2. Педагогтер мен тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығына жауап береді, бекітілген оқу-әдістемелік жоспарды сақтайды.

4.3. Жұмыс беруші қызметкерлерді қажетті көрнекі құралдармен, әдістемелік материалдармен және оқу бөлмелерімен қамтамасыз етеді.

#### 5. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРІС

5.1. Жұмыс беруші бөбекжай ішіндегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына жауапты.

5.2. Барлық қызметкерлер заңнамада белгіленген мерзімде міндетті медициналық тексерістен (санитарлық кітапша) өтуге міндетті.

#### 6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ

Жұмыс беруші ЖК иесі, құрылтайшы



К.Орунбасарова

Бөбекжай директоры



А.Идрисова